

Абдуалиева Маржан Амирбековнаның 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшісінің

## ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс математиканы оқыту әдістемесі ғылымындағы маңызды мәселелердің біріне айналып отырған мұғалімнің әдіснамалық білімдерін жетілдіруге бағытталған. Диссидентант қазіргі кезде оқыту жүйесіне етене еніп, мұғалімнің практикалық қызметін жетілдіру мен оның өнімді еңбек етуіне негіз қалайтын электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдалану үшін болашақ математика мұғалімінің әдіснамалық білімдерін қалыптастыру тақырыбын таңдаған. Бұл елімізде әртүрлі бағыттағы, түрлі типті мектептердегі математикалық білім берудің тиімділігін арттырудың қажетті шарты екенін ескеретін болсак, көтерілген тақырыпты зерттеу көкейтесті мәселе болып тұр.

Оқыту үдерісінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану үшін болашақ математика мұғалімінің әдіснамалық білімдерін қалыптастыруды зерттеу барысында автор жалпы философиялық әдіснамаға, педагогикалық әдіснаманың атқаратын қызметіне, білім беру саласында педагогикалық әдіснамалық зерттеу нәтижелеріне, оның логикасы мен әдістеріне ғылыми негізделген терең талдаулар жасалынған және автор өзіндік көзқарасын да білдірген. Нәтижеде зерттеуші оку жүйесінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың даму бағыттарын зерттеу, оларды қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы білімдер жүйесі және педагогикалық тұғырламалары мен ұстанымдары, сондай-ақ, оларды окушыларды тәрбиелеу, оқыту және білім беру практикасына ендіру жолдарын көрсететін ғылыми негізdemeler мен тәжірибе жинақталған. Математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудың ғылыми теориялық құрылымы мен олардың атқаратын қызметіне талдау, өткен жолынан ғибрат алу мен даму жолын болжау, оларды қолдану сапасын бағалау қағидаттарына жүйелі зерттеулер жасалынған.

Зерттеуші математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығын қалыптастыруды оқутанымдық іс-әрекеттердің, әдістердің, тәсілдердің жиынтығы, математиканы оқыту әдістемесі саласындағы танымдық және тәжірибелік қызметті ұйымдастырушы ретінде қарастырады.

Жұмыста болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыруды математиканы оқыту әдістемесі ғылымының әдіснамасы: қазіргі математиканы оқыту әдістемесі ғылымының пәні, математиканы оқыту саласында қолданылатын ғылыми-танымдық әдістер, құралдар жүйесі,

математикалық теориялардың практикамен өзара байланысы, математикалық тілі мен пәннішілік өзара байланыс түрғысынан қарастырылуы әдістеме ғылымиындағы қызығушылық туғызатында жаңашылдық сипатқа ие.

Зерттеулер нәтижесінде алғынған ғылыми негіздемелер мен жинақталған тәжірибелерді басшылықта ала отырып М. Абдуалиева болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығын қалыптастырудың алғы шарттарын айқындалады, әдістемесін жасаған.

М.А. Абдуалиеваның диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастыру 6M010900-математика мамандығына арналған «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» атты арнайы курсында нақтылы көрініс тапқан. Аталған курста электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудағы әдіснамалық дайындықтың тиімділігі айқындалады. Зерттеу жұмыстары өндірістік сынақтан өткізіліп, оқыту үдерісіне енгізілген.

Диссертациялық жұмысты жүргізу кезінде докторант М.А. Абдуалиева жоспарланған жұмыстарды толық орындаған. Жұмысты орындау барысында тапқырлық пен табандылық танытып, қол жеткізілген нәтижелерге ғылыми негізделген талдаулар жасау қабілеттілігін таныта білген. Дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-практикалық мәселелерді өзі бетінше қойып, өзі шеше алу мүмкіндігі бар екенін көрсете алған.

Жалпы алғанда М.А. Абдуалиеваның «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған біліктілік жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми және іс жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағын беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, п.ғ.д., ғылыми жетекші



Рахымбек Д.

